



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 15 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З І
2011 жылғы 29 маусым**

***Қазақстан Республикасының
«Ислам Конференциясы» Ұйымына
төрағалық етуіне арналған номиналдық
құны 1000 теңгелік ескерткіш банкнотты
айналысқа шығару туралы***

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2011 жылы Қазақстанның «Ислам Конференциясы» Ұйымына (ИКҰ) төрағалық етуіне арналған номиналдық құны 1000 теңгелік ескерткіш банкнотты айналысқа шығарғанын қосымша хабарлайды. Қазіргі кезде ИКҰ әлемнің 57 елін біріктіріп отыр.

Банкнот айналыста жүрген банкноттармен бірыңғай стильде орындалды: бет жағындағы суреттер негізінен тігінен, сырт жағында – көлденеңінен орналасқан.

Банкноттың бет жағында «Ислам Конференциясы» Ұйымының логотипі және Қазақстанда Түркістан қаласында орналасқан Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің күмбезі орналасқан. Банкноттың сырт жағында кесененің жалпы көрінісі бейнеленген.

Ескерткіш банкнотта әлемде тұңғыш рет жаңа қорғаныш элементтері қолданылды. Кескінделген барыстың басы бұрын ешқайда қолданылмаған пиксельдік сутамғы белгі технологиясы бойынша орындалды. Банкноттың қағазында бұрын қолданылып жүргендерінің ішіндегі ең жалпақ, ені 6 мм «үзік-үзік» қорғаныш жіп бар. Әдеттегі қорғаныш қасиеттерімен қатар «үзік-үзік» жіптің түсі ауысып отыратын, жарыққа жарқырайтын ерекшелігі бар және онда банкноттың номиналы мен барыс бейнеленген.

Банкноттың таралымы 10 миллион дана.

Қазақстанның «Ислам Конференциясы» Ұйымына төрағалық етуіне арналған ескерткіш банкнот заңды төлем құралы болып табылады және төлемнің барлық түрлеріне және ақша аударымына міндетті қабылданады.



Неғұрлым нақты ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2 704 639, +7 (727) 2 596 801; E-mail: press@nationalbank.kz (www.nationalbank.kz)